

**«6D021300-Лингвистика» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған  
Курмамбаева Жұлдыз Балтабековнаның  
«Қазақ тіліндегі сан атауларының лингвомәдениеттанымдық негізі»  
атты диссертациясына ресми рецензенттің**

**ПІКІРІ**

**I. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламаларымен (практикалық және ғылыми техникалық сұраныстарына) байланысы.**

Әдетте ғаламның ғылыми бейнесін ашу кезінде, заттар мен құбылыстардың сапасын анықтауда қолданылатын, олардың ең негізгі, басты айқындауыш белгілері ретінде алынатын физикалық, химиялық, т.б. іліми қасиеттері математикалық, яғни сандық өлшемдердің қатысынсыз ашылмайды. Сандардың ғылымдағы алатын орны, атқаратын қызметі ерекше. Жалпы жаратылыстаным ғылымдарын сандарсыз, олардың өзара қатысынсыз бейнелеу, елестету мүмкін емес. Жаратылыс сырлары сандардың қатысынсыз сол жұмбақ күйінде қала бермекші еді.

Ғаламның тілдік бейнесін ашу үдерісінде де сан атаулары әрбір халықтың, ұлттың, ұлыстың өзіндік бет-бейнесін айғақтаушы сөзтанымдық, тілтанымдық, елтанымдық, мәдениеттанымдық құндылықтардың қатарына кіреді. Осы жағдайға байланысты, ең алдымен, тіл-тілдегі сан атауларының арғы жағында жатқан жұмбақ сырларды ашуға деген қандай да бір ғылыми талпыныстың маңыздылығы айдан анық жайт. Қазақ тілінің ұлтаралық әлеуетін күшетуге бет бұрган заманда, мемлекеттік тілдің жұмсалымдық қызметін қарқындатуға күш салған қоғамда төл тіліміздің қуаты мен мәдениеттанымдық мүмкіндіктерін барынша жан-жақты зерттеу, насихаттау, жаңғырту жұмыстары зәру іс болып табылады. Лингвомәдениеттанымдық зерттеуге арналған аталмыш жұмыстың өзектілігі де ұлттық тілдегі рухани құндылықтарды танытуымен айқындалып отыр. Диссертациялық жұмыста бұрын-соңды мән-мағынасы ашылмаған, көпшілікке таныс емес, жаңғыртылмаған көне ескіліктер кеңінен таныстырылған. Қазақ тіліндегі сан атаулары есептеу, реттеу, жинақтау, көптік, даралық мағыналарға ғана емес, кәде, жоралғы, сый-сияпат, қару, ою-өрнек, т.б. мағыналарын танытуда да әсерлі қолданылғанын уәждерімен негіздел дәлелдеуі жұмыстың құндылығын арттырғаны байқалады. Сан атауларына қатысты тілдік зерттеулер құрылымдық лингвистика аясында сан есім шеңберінде кеңінен анықталғанымен, лингвомәдени аспектіде, яғни сан атаулары арқылы ұлт мәдениетін таныту мүмкіндігін зерттеу бағытында тұңғыш рет орындалып отыр. Диссертациялық еңбекте бір ғана сан атауы емес, қазақ тілінде заттық және рухани мәдениет атауы ретінде қолданысқа түсін барлық сан атаулары түгел талданған. Жұмыстың ғылыми әлеуеті, жаңалықтары, теориялық зерттеулерді тиімді пайдалану мүмкіндігі осыдан аңғарылады. Сондай-ақ зерттеу жұмысында лингвомәдениеттанымдық талдау үлгісі ұсынылған.

Бұны зерттеудің ғылыми-практикалық жетістігі ретінде бағалаймыз. Құрмамбаева Жұлдыз Балтабековнаның философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған «Қазақ тіліндегі сан атауларының лингвомәдениеттанымдық негізі» атты диссертациясының ғылыми құндылығы дау тудырмайды. Автор тарапынан орындалып отырған еңбектің биік деңгейде жазылған жеке-дара ғылыми зерттеу ретіндегі сапалық көрсеткіштері де оның құндылығын айфақтап, аша түседі. Сондай-ақ, аталмыш зерттеу еңбегінің заманауи тілтаным ғылымының сұраныстары үддесінен табылып отырғандығы, оның ұлттық тілтанымның ғылыми негіздерінің берік қалануына және одан әрі жаңғыртыла дамытылуына қызмет ететіндігі айқын-анық, белгілі болып отыр. Зерттеудің ғылымға деген бүгінгі таңда қойылып отырған талаптар тұрғысынан өзектілігі, оның жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланыстылығы даусыз.

## **II. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.**

Кіріспенің өзінде, жұмыстың жалпы сипаттамасында, диссидентант қазақ мәдениетіндегі сан атауларының символдық мәнін екіүдей тарапта, екі жүйелік құрылымда қарастырып, олардың жаңа культінің ұлттық сипатқа негізделетінін, ал көне культтік мәнінің киелілікпен, магияның құдіретіне сенушілікпен ерекшелетінін айқындайды. Яғни санның екі түрлі мәнін ажыратады. Санның астарында жасырын семалардың көп болатыны, сан атауларының лексикалық мағынасынан тыс коннотаттық, ұғымдық, стереотивтік, сакралдық, мифтік мағыналарын ашып таныстыру үлгілері қазақ сөзінің қорын көнегейту, қазақтың этномәдени атауларын таныту сияқты өзекті мәселелерді шешумен сабактас болатынын жазады.

Диссидентант жұмыстың кіріспесінде дұрыс атап көрсеткендей (4-бет), кеңістікті төрт бөлікке: шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстік деп төрт тарапқа бөлу адамның төрт жағы (алды, арты, оңы, солы) туралы танымы стереотипті түрде жалпыадамзаттық ұғымға айналғаны рас. Диссертациялық еңбектің 88-бетінде «қазақ мәдениеті үшін тілдегі барлық төрттіктің архетип мағынасы – дүниенің төрт тарабы, төрт құбыласына негізделеді екен» деген тұжырым жасалады. Ал енді осы құбылысты төл мәдени сана тұрғысынан, түркілік, қазақ мәдени сана тұрғысынан қарастырып көрсек, өте қызығылтықты жайтты айқындауға, біздің тілдік мәдени кодымыздың өзіндік ерекшелігін аңғаруға болады. Көне түркі кезеңінен бері бабаларымыздың атар таңда күншығыс жаққа боз биенің сүтін шашып, ақ тілеу тілегені дереккөздерде ашық, айқын жазылған. Бұл күнге табынушылықтың, ескі тәнірілік сана-сенімнің бір айғағы болып табылады. Мысалы, сіз осы дәстүр бойынша күншығыс жаққа бағдар алып, маңдай алдыңызды күншығыс жаққа қаратып тұрар болсаңыз, өзіңіздің бір ғажап мәдени кодқа түскеніңзіді байқайсыз. Себебі, бір ғажабы, он қолыңыз жақтың оңтүстікке, сол қол жағыңыздың солтүстікке бағдарланып тұрғанын көресіз. Солтүстіктің сол қол жақпен, оңтүстіктің он қол жақпен байланысты аталғанына көз жеткізесіз. Демек, бұл – дұрыс бағдар! Өте қызықты жағдай. Демек, біздің ұлттық кодымыздың ерекшелігі

тілімізде таңбаланып, жазулы тұр деген сөз! Төрт тарапқа байланысты бағдар тілде сақталған! Осы мысалдан ата-бабамыздың күншығыс жаққа бағдар ұстаганын, бағзы заманда шығып келе жатқан күнге тәнірдей табынғанын көз алдымызға елестетуге болады. «Таңда тәнір алдында» деген фразеологизм де сол кезге мензейді. Тәніршілік сенім-нанымның тілімізде қатталып қалған сұлбасын байқаймыз.

Зерттеуші, сондай-ақ, тіліміздегі мағынаның ауытқуы, соған орай тілдің бұзылып қолданылуы мәдени семалардың жеткілікті танылмауынан болатынын ұғындырады. Мысалы, «он екі гүлінің бірі ашылмаған» деген фразеологиялық қолданыстың (125-бет) түпкі мәдени уәжді (он екі мүшесіне ердің қолы тимеген) мағынасы жете таныстырылмағандықтан, тілімізде он екіде бір гүлі ашылмаған (12 жастағы албырт кез) қолданысында өзгертиліп жұмсалуы мағына ауысуына, түпкі мәдени мағынаның жойылуына итермелейтінін аңғарамыз. Осындай лингвомәдениеттанымдық зерттеулері ізденушінің ұсынған ғылыми тұжырымдары мен жаңалықтарының шынайылығын растай түседі. Жалпы жұмыстың ғылыми тұжырымдары айқын, қайталау емес, ғылыми-теориялық тұрғыдан нақты. Сондай-ақ тұжырымдар жұмыстың өн бойында дәлелденген дәйекті деректерге негізделеді. Диссертацияда ұсынылған ғылыми жаңалықтар қазақ лингвистикасына, соның ішінде лингвомәдениеттану саласын жетілдіруге елеулі үлес қосады, лингвомәдени бірліктерге тән белгілер ұсынылған. Бұл лингвистикалық антропологиядағы басқа да тіл салаларының зерттеу нысандарынан ажыратуда басты критерий бола алады, мысалы лингвомәдени бірлік пен этномәдени бірліктерді ажыратуда жұмыстың ғылыми жаңалығы басты ұстаным бола алады. Сондықтан диссертациялық жұмыстың ғылыми тұжырымдары мен жаңалықтары тіл саласына елеулі үлес қосады. Ұсындып отырған жұмыстың өте-мөте маңызды еңбек екендігін, диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтиженің, тұжырымдар мен қорытындылардың негізделу және шынайылық дәрежесі жоғары екендігін айту қажет.

### **III. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.**

Казіргі таңдағы қазақ тіл білімінде лингвомәдениеттанымдық аспектіде зерттеліп жатқан ғылыми еңбектер баршылық. Ғылымның бір бағыты бойынша жазылған жұмыстар болғандықтан, бұл жұмыстың оларға ұқсас тұстары да жоқ емес, дей тұрғанмен, бұл еңбектің ауыз толтырып айтартылған артықшылықтары жетерлік. Себебі бұл жұмыста лингвомәдениеттану саласының ғылым ретіндегі әлеуеті жан-жақты айқындалып, ашылған. Яғни лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны - лингвомәдени бірлік екені және оған лингвокультуралар, мифологемалар, лакуналар мен реалийлер енетіні нақты-нақты, бұлтартпас дәлелдермен түсіндірілген. Аталмыш зерттеу нысандарының бір-бірінен принциптік айырмашылықтары ажыратылған. Мәселен, реалий болудың басты критерийлерін, мифологемалар мен прецедентті атаулардың өзіндік

белгілерін айқындаپ түсіндірген. Осыдан-ақ еңбектегі ғылыми нәтижелердің, қорытындылардың жаңалық дәрежесінің жоғары деңгейі ашық байқалады.

Екіншіден, мәдени-семантикалық құрылым арқылы сөздің мәдени мағынасын анықтауда диссертант жоғары ғылыми деңгейден көрінеді. Мәдени мағынаны айқындау үшін мәдени бейне, оның ішінде мифтік бейне, прецеденттік бейне, символдық бейне, т.б. құрылымдар арқылы сөздің мәдени семантикасын біліктілікпен талдауы диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтиже мен қорытындылардың жаңалық дәрежесінің жоғары екендігін растай түседі.

Үшіншіден, мәдени концептілерді талдау жетістіктері концептілік құрылымдарға салу, концептілік өрістегі әрбір детальдің бір-бірімен жалғасуы, мағыналардың бірінен-бірі туындауы, бір мәдени атаудың ақиқат болмысын танытуға бағытталған мәдени ақпараттардың ұлттық танымдық жүйеде реттілігімен берілуі арқылы жүйелі түрде құрылымдалып көрсетілген. Бұл - жұмыстың ғылыми жетістігінің шынайы биік дәрежесін көрсетеді.

#### **IV. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы.**

Зерттеу жұмысында көрсетілген лингвомәдениеттанымдық талдау үлгілері лингвистикалық антропология саласын жетілдіруде, лингвомәдениеттану мен этнолингвистика салаларының айырмашылықтарын, пәнаралық байланысын айқындастын нақты критерийлерді белгілеуде, лингвомәдениеттану пәнінің жүйесі мен құрылымын нақтылауда, лингвомәдени сөздіктерді құрастыруда өз үлесін қоса алады.

Жұмыстың теориялық жетістіктері тілдің мәдени таңбасын зерттеудің тәсілдері ретінде қолданыла алады. Зерттеу жұмысындағы лингвистикалық талдаулар студенттер мен магистранттарға дәріс беруде, лингвистикалық зертхана жұмыстарында, картотека дайындау барысында лингвомәдениеттану саласының қолданбалы міндеттерін шешуде елеулі көмек бола алады.

#### **V. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама.**

Зерттеу жұмысы бойынша жарияланған мақалалар мен оның көлемі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы қадағалау мен аттестаттау комитетінің талаптарына сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыс бойынша 15 мақала жарияланған, оның ішінде, нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарда - 2 мақала, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті бекіткен тізімдегі басылымдарда - 3 мақала, отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында – 10 мақала жарияланған.

#### **VI. Диссертацияның мазмұнына және рәсімделуіне қатысты ұсыныс-пікірлер:**

1. Корғауға ұсынылатын тұжырымдарды ықшамдап, түйіндік сипатын

күшету керек еді деп ойлаймын.

2. Зерттеу мазмұнындағы талдау барысында ой-қайталаулар кездеседі, соған орай стильдік түзетулер қажет деп ойлаймын.

Алайда көрсетілген кемшіліктерді техникалық сипаттағы, жұмыстың рәсімделуінде орын алған кемшілік деп санаймыз. Сондықтан олар ғылыми және тәжірибелік құндылығы жоғары енбектің, шын мәнінде биік ғылыми деңгейде орындалған зерделі зерттеудің мазмұнына айтартықтай нұқсан келтірмейді.

## **VII. Диссертация мазмұнының ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Қазақ ұлтының танымдық қорында қалыптасқан құндылық әлемін бейнелейтін тілдегі сандар жүйесін тіл мен мәдениет сабактастығында зерттеген Курмамбаева Жүлдыз Балтабековнаның «Қазақ тіліндегі сан атауларының лингвомәдени негізі» тақырыбында жазылған диссертациясын дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы жоғары енбек ретінде бағалаймыз. Оны ҚР БжFM саласындағы қадағалау және атестаттау комитетінің талаптарына сай келетін жұмыс деп есептейміз. Оның авторы 6D021300 – Лингвистика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты ғалым деп санаймыз.

**А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
тіл тарихы және диалектология белімінің  
менгерушісі, филология ғылымдарының  
докторы, профессор**

*М. Маш*  **Малбақов М.М.**